

Жастарға жыл емес,
грант керек



3-бет

Ел заңының
іргетасын қаласқан
Алаш перзенті



6-бет

Тұлпарды
құлынынан
танитындар
қайда?!



8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 16 ҚАРАША, 2023 ЖЫЛ №128 (23 304)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

• БРИФИНГ

Қазыналы Қарағанды: әлеумет – әлеуетті, экономика – екпінді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңындағы баспасөз мәслихатында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысына тоқталып, журналистер сауалдарына жауап қатты. Саудаған сұрақ пен сауал тоғысқан республика мінберінде нақтыларлық жайттар мен жауабын күтіп тұрған түйткілдер тілші қауымын бейжай қалдырмады. Уақыттың кемдігі демесеніз, таразы басы тең тартқан тұстар жетерлік еді. «Алғы ақпарат», «Сауал-жауап» форматы алма-кезек ауысқан келелі шарада не қаузалды? Көз жүгіртелік...

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнеркәсіп өрісінде өсім аңғарылады

– Биыл бес жоба іске қосылды. 380-нен астам адам жұмысқа орналастырылды. Жыл соңына дейін тағы алты жаңа өндіріс ашылады, олардың ішінде тұрмыстық техника мен автомобиль шиналарын шығаратын зауыттар да бар. 1900-ден астам қарағандылық жұмыспен қамтамасыз етіледі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Нақтылай келгенде, өндірісті өңірде бір жарым трлн. теңгеге 56 инвестициялық жоба іске асырылуда. Бұл дегеніміз – 13 мыңнан астам су жаңа жұмыс орны.

Өңірде Саған индустриялық аймағының дамуы сәтті жалғасуда. Мұнда инфрақұрылым жұмыстары аяқталуға жақын. «Сарыарқа» және Саған аймақтарының аумақтарында болашақ инвесторлар үшін 400 гектарға жуық бос алаң бар.

Осы жылдың 10 айында облыс өнеркәсібінің көлемі 2,8 трлн. теңгені құрады. Үшінші жыл қатарынан өңірді дамытуға жеке инвесторлардың инвестициялары ұдайы ұлғаю үстінде. Аталған кезең ішінде облысқа шамамен 641 млрд. теңге инвестиция тартылса, оның 86%-ы жеке ин-



вестициялар санатынан.

Ермағанбет Қабулаулы өсімі жоғары салалар легін де назарынан тыс қалдырма-

ды. Атап өтер болсақ, машина жасау, жеңіл және қағаз өнеркәсібі, фармацевтика, қара металлургия өндіріс өрісінің көш басында.

Ауқатты ауыл – өркенді өңір

Агроөнеркәсіп – Қазақстан экономикасындағы негізгі саланың бірінен. Қарағанды облысының бұл кешенінде ауыз толтырып айтарлық 10 миллиард теңгеге инвестициялық жобалар іске асуда. Дерек пен дәйек көңіл көншітерлік.

Агроөнеркәсіптік кешен аясында 24 жоба табысты аяқталып, 10 млрд. теңгеге 28 инвестициялық жоба бастау алды. 193-ке тарта жаңа жұмыс орны құрылмалық. Бүгінгі таңда өңірде егіс алқабының 97%-ы орылды.

– Қолайсыз ауа райы егін орағы мен астық сапасына кері әсер ете қоймады. Есептеп көрсек, қазірше 651 мың тонна астық, 254 мың тонна картоп әрі 32,3 мың тонна көкөніс жиналды, – деді Қарағанды облысының басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, ол облыста мал басы көбейгенін атап өтті. Өткен жыл деңгейінде ет өндірісінің көлемін салыстырғанда биыл сүт 1,8%-ға, жұмыртқа 8%-ға көбірек өндірілген.

Кәсіпкерлік: ел рейтингінде – екінші орын

Арқа алабы кәсіпкер үшін едәуір тартымды реңк алған. Аймақ бизнесі байырқа тауып, көнігі кәсіпкер кәсібін онғайлы жүргізу санаты тұрғысында ел рейтингінде екінші орынды еншісіне байлады. Іскерлік белсенділік өскен.

– Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 12,2%-ға өсті. Бұл – 100 мыңнан астам жаңа салық төлеушілер. Яғни, белсенді халықтың жарымы десек жарасады. Демек, облыстың әрбір екінші тұрғыны шағын және орта бизнестің екі тізгін, бір жылдығын тізгіндеген. Ал, шағын және орта бизнес өнімін шығару 1,2 трлн. теңгеге жетті, – деді өңір басшысы.

► 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Аланның абыройлы жеңісі

Саяк кентінің 13 жастағы әншісі Алан Әубәкіров Астанада өткен «Бала шабыты» халықаралық жасөспірімдер байқауында Гран-при жеңіп алды. Аламен бірге 20-дан астам жас дарын бақ сынады.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алан Әубәкіров Саяк кентінің №6 жалпы білім беретін мектебінің 7 сыныбында оқиды. Байқауда Өтебай Тұрманжановтың «Туған өлкем» әнін орындаумен көпшілікті тамсандырды.

– Анасы Аланды бірінші сынып оқып жүргенде маған әкелді. Алғаш тыңдағанда, қабілеті зор екенін түсіндім. Ол ноталардан жаңылмады. Көптеген онлайн және офлайн жарыстарға қатысып, бірнеше рет жеңіске жетті, – дейді «Горняк» вокалдық ұжымының жетекшісі Бакыт Әміртаева.

Аланның ата-анасы оны мақтан тұтады.

– Отбасында кенже бала болғанымен, үлкен әпкесі мен ағаларына үлгі көрсетеді. Алан – талантты бала. Әзірге музыка – хобби. Кез келген шешімін қолдауға дайынбыз, – дейді анасы Елена Әубәкірова.

• ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Бос орындар жәрмеңкесі өтеді

17 қарашада онлайн түрде бос орындар жәрмеңкесі өтеді деп хабарлайды Қарағанды қаласының мансап орталығы. Tanda.enbek.kz порталында өтетін шара 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында ұйымдастырылады.

Сайтта 300-ден астам жұмыс орнын ұсынуға дайын 24 жұмыс беруші тіркелген. Олардың қатарында «Қарағанды-энергоремонт» АҚ, «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС, «Еуразиян Фудс» АҚ, «ForteBank» АҚ филиалы және басқалары бар.

Жұмыс іздеушілер үйлерінен шықпай-ақ түйіндемені толтыруға және жұмыс берушімен тікелей байланысуға мүмкіндік алады. Онлайн чат арқылы жұмыс берушіге нақты уақыт режимінде сұрақ қоюға болады. Сол жерде сұхбатқа шақыруға немесе бейнесұхбат алуға мүмкіндік болады.

Жәрмеңкенің өтетін уақыты: 11:00-ден 17:00-ге дейін.

Өз тілшімізден

• МӘСЕЛЕ

Көлік қаңтарылған аула қапы қалдырмасын десек...

Бұрынрақта Қарағандыда көлік тұрағынан көп нәрсе жоқ еді. Екі аттасңыз, көлік тұрағына тұмсық тірелетін. Көлік тұрағы көп қаланың біріне айналып бара жатқан Қарағанды еді. Қазір көлік тұрағы тапшы, жоқтың қасы. Өйткені, бұрынғы көлік тұрағы қазір адам «тұрағына» айналған. Түсінікті тілмен айтқанда, ол тұрақтардың орнына көпқабатты тұрғын үй салу белең алған кейінгі жылдары. Содан да болар, қазір «баспанасыз» қалған көліктер ісесімен бірге «үйге» келеді.



Сурет ашық дереккөзден алынды

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құмырсқаның илеуіндей көпқабатты үйлердің маңайында иін тірескен көліктерден құлаған алма жерге түспейді. Үйдің алдындағы аулаға сыймай, тіпті, үйдің сыртын айнала қоршап алған камал көліктер. Осы арада қауіпсіздікті қаперге алған кім бар екен? Төтенше жағдай департаментінің мамандарында айып жоқ. Айтуын айтып-ақ келеді.

Айта-айта жақтары да талды-ау. Бірақ баспана салған компаниялар мұны ескерер емес.

Қазіргі таңда қалада тоғыз қабаттан жоғары көпқабатты үйлердің құрылысы белең алғаны мәлім. Олардың көпшілігінде көлік қоятын аула, я болмаса, жерасты паркінгі қарастырылмайды. Сондықтан да, көліктерді қожайындары еріксіз аулаға қоюға мәжбүр. Бұл болса, қауіпсіздікке қатер.

► 4-бет

Баспасөз - 2024

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Кaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!
«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5827,65	5891,70
		12 ай 11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай 3079,65	3083,70
		12 ай 6159,30	6167,40

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85,
8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: oteld.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 496.75

• USD/KZT 463.65

• RUB/KZT 5.07

• CNY/KZT 63.62

Қазақстан Ұлттық Банкінің 15 қараша, 2023 жылғы дерегі бойынша

Қаржыгерге құрмет

Кеше 15 қарашада еліміз Қазақстанның ұлттық валюта күні және қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесін түрлі деңгейде атап өтті. Төл теңгенің туған күнінде өңірдің қаржыгерлері мен банкирлерін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы құттықтады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл төл теңгенің ресми айналымға енгеніне 30 жыл толады. Өңірде экономика, қаржы, мемлекеттік сатып алу, банк қызметтері саласы мен «Қазпоштан» жергілікті филиалдарында бір жарым мыңға жуық адам еңбек етеді. Облыстың қаржы жүйесін дамытуға елеулі үлес қосқандар өңір әкімдігінде марапатталып, мерейі артты. Мейманасы тасыды.

– Өңіріміздің және тұтас республиканың экономикалық әлеуетін нығайтуға қажырлы еңбек еткендеріңіз үшін рахмет! Қадірменді қаржыгерлер қауымы, осынау мерейлі күнде сіздерге әрі жақындарыңызға зор денсаулық пен амандық тілеймін. Мамандыққа адалдықтыңың үшін алғыс айтамын, – деді Ермағанбет Қабулаулы өзінің құттықтау сөзінде.

Салтанатты кеште Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың алғыс хатымен «Қазпошта» АҚ Қарағанды облыстық филиалының қаржы-



экономикалық бөлімінің басшысы Елена Әлімова марапатталды.

Ұлттық экономиканы дамытқаны және нығайтқаны үшін төрт қарағандылық «Экономика саласына қосқан үлесі үшін» медалін өңіріне тақты. Олардың арасында Қарағанды қаласының экономика және қаржы бөлімі басшысының

міндетін атқарушы Айгүл Көбелекова да бар.

– Кілең қаржыгерлерді төл мерекесімен құттықтағым келеді. Баршаңызға кәсіби жолда толайым табыс тілеймін. Мұндай ақжарқын сәттер дөтке қуат, – деп құттықтады Айгүл Ғалымбекқызы көл-көсір қуанышын жасырмай.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысы әкімінің құрмет грамотасы мен алғыс хатына қаржы саласының 41 қызметкері ие болды. Өңір басшысының қолынан алғыс хат алған облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары Ардақ Сәттібаева тарихи кенен теңгенің ғалам бедеріндегі орнына тоқталып өтті.

– Өз басыма келсек, 20 жылдан астам қаржы саласында жұмыс істеймін. Міне, 30 жыл өтіпті, бүгінде біздің төл теңгеміздің төрткүл дүниеде өзіндік айышты орны бар. Мәселен, теңге үш жыл қатарынан әлемдегі үздік банкнота атанды. Мен атамекенімде тәуелсіз республикамыздың экономикасына қалтқысыз қызмет ету мәртебесіне ие болғаным үшін бек қуаныштымын. Ел мен облыс басшылығына біздің осы бір еңбегімізді елеп, атқарған ісімізді атап өткеніне риясыз рахметімді жеткіземін! – деп Ардақ Дәулетқызы ақжарма алғысын жеткізді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жастарға жыл емес, грант керек

Қазіргі таңда облыста жастардың 71 үкіметтік емес ұйымы белсенді жұмыс атқарады. Өткен жылдармен салыстырғанда ұйымдардың қызметі бірнеше есеге артқан. Дегенмен, салада шешімін күтіп тұрған мәселелер бар.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қатысқан жиында Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Біржан Әлімжанов мәлім етті.

Күн тәртібінде үкіметтік емес ұйымдардың жастарды қолдап, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс механизмін тиімді жүргізу барысы талқыланды. Сондай-ақ, жастардың жобаларын қаржыландыру да назардан тыс қалмады.

– Бүгінде қоғамдық бірлестіктер қатарында жастардың көптігі қуантады. Мемлекет басшысы үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) мен волонтерлер қоғамның өзекті мәселелерін шешуге жан-жақты көмектесетінін атап өтті, – деді аймақ басшысы.

Басқарма басшысы Біржан Әлімжанов жекелеген өңірлерде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жастар саясатына қатысты жобалар санының аздығына тоқталды. Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра ауданында әлі күнге жастардың үкіметтік емес ұйымының жоқтығы айтылды.

Десек те, аймақ жастары әртүрлі салада белсенділік танытып, қоғамдық шараларға атсалысып отыр. Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, бүгінгі таңда үкіметтік емес ұйымдардың қызмет саласы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда. Әсіресе, жастар кәсіпкерлігін қолдап, волонтерлікті дамытуда белсенділік танытқан. Жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғап, саламатты өмір салты мен экологиялық мәдениетті насихаттап жүр.

– Жастар кеңесі жұмысына, сондай-ақ, ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңеске, Қоғамдық кеңес секілді консультативтік кеңесші органдардың жұмысына қатысады. Жастар ісі жөніндегі кеңесте 10 айда 18 отырыс



өтіп, 39 мәселе қаралды. Оның ішінде, аймақтық жоспар, құқық бұзушылықтың алдын алу, саламатты өмір салтын насихаттау, халықтың денсаулығын нығайту көзделіп, 48 ұсыныс әзірленді. Жалпы, үкіметтік емес сектор жастар саясатын жүзеге асырудың ажырамас қатысушысына айналды. Белсенді жастардың үкіметтік емес ұйымдары аймақтық деңгейдегі сан алуан мәселелерді шешуде өздерін талай дәлелдеді, – деді Біржан Әлімжанов.

Аймақ басшысы жастардың бастамасын қолдайтын үкіметтік емес ұйымдар санының аздығын әрі әрекетсіздігін сынға алды. – Жоғарыда атап өткен 71 ұйымның 44-і әлі күнге әрекетсіз. Қоғамдық шараларға араласпайды. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде олардың қызметіне, талаптарына сәйкес келетін жобалар жоқ. Осы олқылықтардың орнын толтырып, жастарға арналған тиімді жобаларға жол ашу керек, – деп атап өтті Ермағанбет Қабулаулы.

Сонымен қатар, Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра ауданында жастардың үкіметтік емес ұйымдарының жұмысын жанданды-

руды тапсырды. Қала және аудан әкімдеріне жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған жобаларды көбейтіп, қайта қарастыру-

маған көмек сұрап келген жоқ, – деген аймақ басшысы Костенко шахтасында орын алған апатта қаза тапқан кеншілер отбасына



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жолға, өртке сақтық керек

Облыста қысқа дайындық қызу. Әсіресе, автожолдар ерекше назарға мұқтаж. Биыл 58 мердігер арқылы көлік инфрақұрылымын көңілдегідей ету мақсатында 1200-ге жуық адам мен 1000-нан астам техника жұмылдырылмақ. 1 қарашадан бастап, жол пайдаланушы ұйымдар қызметі күшейтілген режимге ауыстырылды. Бұл туралы облыстық әкімдікте өткен аппараттық жиында белгілі болды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық жолшылар көлігі және автожолдар басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов автожолдарды қысқы кезеңге дайындау амалдарына тоқталды.

– Жол жиектерінен шөп шабылып, жер төсемінің беткейлеріндегі бұталар мен жабайы өсімдіктер кесілді. Жол үсті техникасына жөндеу жүргізілді. Қазіргі уақытта су өткізгіш құбырлар саңылауларын бітеу, жанар-жағармай материалдары мен қажетті құралдарды дайындау жұмыстары жүргізілуде. Өңірде ұзындығы 241 шақырым болатын жиі қар басып қалатын 122 учаске бақылауға алынды, – деп хабарлады Мақсұт Жолдыбайұлы.

Көктайғаққа қарсы төселер күм мен тұз жеткізілуде. Жол бойында қосымша мыңға жуық уақытша ескерту белгілері орнатылады. Автокөлік жүргізушілері қолайсыз ауа райында паналай алатын 35-тен астам жылыту пункттері мен өндірістік үй-жайлар ашылмақ.

Қар бөгейтін қалқан мен қоршау орнату ісі «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясына тиесілі. Жыл соңына дейін 12 бірлік арнайы жол техникасын сатып алу көзделген. Қарағандыда қыста 300-ден астам арнайы машина мен 360 жұмысшы жолға шығады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қалалар мен аудандар

әкімдеріне, жолшылар көлігі басқармасына, «ҚазАвтоЖол» филиалына, полиция және төтенше жағдайлар департаменттеріне барлық қарлы учаскелерге ерекше назар аударуды тапсырды.

– Көлік құралдарының қозғалысы үздіксіз де қауіпсіз болуы үшін қар тазалау техникасының уақтылы шығуын қамтамасыз ету аядай қажет. Облыс жолдарындағы жедел ахуалға тұрақты бақылау жүргізу терең мәнге ие. Ауа райының қолайсыз шақтарында автокөлік құралдарының шалғай елді мекендерге шығуына жол бермеу қамтамасыз етілсін, – деп қадап тапсырды Ермағанбет Қабулаулы.

Аппарат жиынындағылар қоғамдық қауіпсіздікке де баса мән берді. Атқарылған шаралар легіне қарамастан жеке сектордағы өрт тұтану жайттары тыйымдалмай тұр. Себептін сап басында қарапайым пеш пен газ жабыдығын қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамау дейді төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ақылбек Ахметжанов.

Еске сала кетелік, жылыту маусымы басталғаннан бері Қарағанды облысында 38 өрт болып, бір адам зардап шеккен. Жыл басынан бері мүдделі органдар мен ұйымдар тарапынан өрт қауіпсіздігі әрі газ баллон жабықтықтарын пайдалану ережесін ұстану қажеттігі турасында 78 мыңнан астам рейд, жергілікті халықпен 300-ге жуық жиын ұйымдастырылған.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Көпшілік тілегі ескерілді

Нұра ауданында жана маршруттық автобус жолшылар тасымалына шықты. Әлеуеті артқан аудан тұрғындары бұл күнді асыға күткен еді. Себебі, аудан тұрғындарын былай қойғанда, алыс-жақын ауылдардан келер қонақтардың өзі аудан ішіндегі қоғамдық көліктің жоқтығын айтып, қынжылып қайтатын. Енді ол күндер артта қалды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапаржай мекемесі ашылғалы бері аудан тынысы қайта кеңгендей. Десек те, аудан орталығына жету азап болатын. Жергілікті әкімдік бұл мәселенің шешімін тауып, аудан тұрғындарының арманын орындады. Автобус қазіргі таңда тек бір ғана белгіленген тариф бойынша жүреді. Болашақта жанар-жағармайға субсидия қарастырылса, жол ақысы өзгеруі мүмкін дейді

әкімдіктерілер. – Такси жүргізушілер ауданның анау басынан, мынау басына көп ақша сұрайды. Кейде барар жеріне еріксіз қымбатқа барасын. Көптен бері көкейде жүрген қоғамдық көлік жыры ақыры шешімін тапты. Құны да көңілге қонамды. Ересектерге – 100 теңге, балаларға – 50 теңге. Бұл барша ауданның сұранысы еді, – дейді Ардагерлер кеңесінің төрағасы Зарлық Мақсұтов.

Нұра ауданы

• СТАТИСТИКА

Сыртқы саудада экспорт қомақты


Алдын ала дерек бойынша облыстың Еуразиялық экономикалық одағы елдерімен өзара сауда көлемі 2062,3 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл – биылғы жылдың 10 айындағы көрсеткіш. Ұлттық статистика бюросының мәліметі осындай.

Тауарлар экспорты 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда төрт пайызға өскен. Сәйкесінше, 1253,8 млн. АҚШ доллар. Импорт болса, 13,6 пайызға қысқарған.

Қарағанды облысының Еуразиялық экономикалық одағы елдерімен сыртқы сауда айналымында басым үлес – Ресейде. Яғни, 93,6 пайыз. Одан кейінгі орында Қырғызстан және Беларусь.

Аталған елдермен сауда айналымы – 3,1 пайыз. Айналымдағы үлестің 0,2 пайызы Арменияға тиесілі.

Экспорт құрылымында темірден жасалған тегіс илекке басымдық берілген. Еуразиялық экономикалық одағы елдеріне экспорттың жалпы көлемі – 61,9 пайыз. Ал, мырыш кендері мен концентраттары – үш пайыз, күйдірілген пиритті қоса алғанда, темір кендері



мен қоспалары – 2,3 пайыз екенін айту керек.

Импортта басым үлес кара металдан жасалған бұйымдарда. Атап айтқанда, ЕАЭО елдерінен келетін импорт көлемі

91 пайыз.

Ал, Қарағанды облысына пластмасса мен олардан жасалған бұйымдардың 6,5 пайызы импортталады.

Өз тілшімізден



Жұртқа жақын ПОЛИЦИЯ



Реформа –
өміршең өзгерістер

Приозерск қаласында жаңа учаскелік полиция пункті пайдалануға берілді. Учаскелік пункт сағат таңғы 9-дан кешкі 23:00-ге дейін демалыссыз жұмыс істейді. Барлық талаптарға сай жаңа құрылғылармен қамтылған. Орта есеппен үш мыңнан аса тұрғынға қызмет көрсетіп, жергілікті халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етеді.

Нұрғос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ресми салтанатты шараға облыстық полиция департаментінің басшысы Санжар Әділов пен Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметов, қалалық полиция қызметкерлері қатысты. Екі тарап та бұл жобаның маңыздылығын, қажеттілігін атап өтті.

– Мұнда полиция қызметкерлері өздеріне бекітілген аумақ тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Әріптестеріміз халықпен тығыз қарым-қатынас орнатып, өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен орындайды деп сенемін. Жергілікті полиция пунктінің ашылуына атсалысқан қала әкімі мен мәслихат депутаттарына алғыс айтамын, – деді Санжар Әділов.

Аталмыш учаскелік полиция бөлімшесінде төрт қызметкер өздеріне бекітілген аумақтың қауіпсіздігін қадағаламақ. Халық көп шоғырланған аумаққа

жаңа учаскелік полиция пунктінің ашылуы өңірде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ықпалы жоғары. Учаскелік полиция инспекторы Мұхаммед Шалғынбаевтың мәлімдеуінше, бұған дейін Приозерск қаласында екі-ақ учаскелік полиция пункті болған.

Айта кетейік, мұнда өздері қызмет көрсететін аумақтың басқа да бейнекамераларын тікелей қадағалай алады. Мұның барлығы полицияның ашықтығы, қолжетімділігі, құқық бұзушылықтар мен азаматтардың өтініштеріне жедел ден қоюы үшін жасалған. Бұл 12 мыңнан астам халқы бар Приозерск қаласында ел Президентінің полицияны сервистік модельге көшіру туралы тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отыр.

ПРИОЗЕРСК

Көлік қантарылған аула қапы қалдырмасын десек...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жамандық шақырғандық емес, бірақ өрт шықса, яки болмаса, өзге де төтенше жағдайлар орын алса, тиісті қызметтің ол үйлерге жетуі мұң болары даусыз. Тегі, Қарағанды мұндай жағдайға әзір ме? Себебі, облыстағы көпқабатты үйлердің биіктігі 28 метрден асады екен. Мұндай үйлердің саны 176 көрінеді.

Департамент тарапынан тексеріс олардың көпшілігінің өрт қауіпсіздігінің талаптарына жауап бермейтінін көрсеткен. Төтенше жағдай департаменті мамандары бұған дейін жария еткен деректерге сүйенсек, дайын еместігін көреміз.

Тілсіз жаудың қашан және қалай бас саларын ешкім дәлдеп басып айта алмайды. Бірақ көпқабатты үйлердегі өрттің өзекті өртер өкінішке ұрындырарын баршамыз біліп, сезіп отырмыз. Оның бірнеше себебі бар. Біріншісі – өрт сөндіру, құтқарушылар қызметіне көліктердің жол бермей келергі етуі десек, екіншісі – өрт қызметінің мұндай биік үйлерге көтерілер құрал-жабдығының кемдігі. Үшіншісі – төтенше жағдай кезінде эвакуациялайтын баспалдақ, қосалқы есік, орындарды тұрғындар өздері қойма қылып алған. Ол орынды тұрмыстық заттармен жауып тастауы.

Өртке сайманымыздың сайланбағанын кейінгі жылдары ел ішінде шыққан өрттер ашып бергені мәлім. Сол уақытта Мемлекет басшысы бұл қызметті жаррактандыруды да сонда тапсырған еді.

– Облыс орталығында тоғызыншы қабаттан жоғары көпқабатты үйлердің құрылысы қарқынды жүруде. Осыған орай, шілде айынан бастап, барлық көпқабатты тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі тексерілді. Оның барысында кіреберістер мен қабаттардың өртке қарсы құрал-жабдықтардың пайдалануға жарамдылығы қаралды. Сонымен қатар, өртке байланысты түрлі бейнематериалдарды көрсету арқылы тұрғындармен өрт қауіпсіздігі ережелері мен өрт кезіндегі әрекеттерді түсіндіру бойынша әңгімелесу жүргізілді. Баса назарға ұсынар бір мәселе – мұндай көпқабатты үйлерден адамдарды қалай құтқару керектігі.



– Жалпы, облыста биіктігі 28 метрден асатын 176 көпқабатты тұрғын үй тіркелсе, оның ішінде, 166-сы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұза отырып, пайдаланылуда. Үйлердің біршамасында автоматты өрт дабылдары, сорғы күшейткіштері жоқ немесе ақаулы түрде орнатылған. Тіпті, өрт сөндіру түтіктері, өрт сөндіргіштер жоқ. Түтінсіз баспалдақтардағы қауіпсіз аймақтары шыныланған немесе жабық. Дабыл іске қосылған кезде лифтілерді түсіретін автоматты жүйелер де жоқ. Тексеріс барысында анықталғандай бес қабаттан жоғары көптеген пәтерлердің балкондарындағы өрт сөндіру люктері тығыз жабылған. Оған қоса, көпқабатты үйлердің аумағына техниканың кіруі азап. Міне, осының барлығы өрт сөндірушілердің, құтқарушылардың жұмысын күрделендіре түседі, – деді төтенше жағдай департаменті бастығының орынбасары Аманбек Бейсембаев.

Өрт сөндіретін техниканың үй аумағына кіру қиындығын да атап отыр. Тіпті,

кейбір көліктер өрт гидрантының үстінде тұратынын да мәлімдейді.

– Көпқабатты үйлердің аумағына техниканың кіруі қиын. Көліктер өрт гидранттарының люктерінің үстіне қойылады. Осының барлығы өрттің неғұрлым ауыр зардаптарына әкелуі мүмкін. Төтенше жағдайлар департаменті көпқабатты тұрғын үйлердің барлық тұрғындарын өрт қауіпсіздігі мәселелеріне толық жауапкершілікпен қарауға шақырады. Жалпы ғимараттың өрт сөндіру құралдары мен алғашқы өрт сөндіру құралдарының қауіпсіздігі мен өнімділігін қамтамасыз етуге белсенді қатысыңыздар, – дейді департамент мамандары.

Тілсіз жауға тосқауыл болу тек қана тұрғындардың өз қолында. Ертең «жау кеткен соң, қылышты тасқа шаппау» үшін біріккен әрекет ету қажеттігін ахуал айқындап тұр. Жоғарыда айтылған оқиықтардың орны толса, біршама мәселе шешімін табары хақ.

• ӨЗЕКТІ

Есірткі: тасымалға тосқауыл бола ма?

«Күнделікті күйең тірліктің тауқыметі таусылар емес, түсінеміз. Істеген жұмысыңның жалақысы етегіңе тартсаң, жөніне жетпей зар илетіп, запыран құстырады. Иә, бәрін де білеміз. Алайда, салың суға кетпесің. Біз саған көмек бере аламыз, егер бізге жұмыс істесен. Бұл жауапкершілігі қатаң жұмыс. Соған қарай ақшасы да қомақты. Есірткілік зат тасымалдап, таратуың тиіс. Өзің қолданбайсың, біз де оны қолданбаймыз. Біздің және сіздің міндет тек жұмыс істеп, соған қарай тиісті ақшамызды алу ғана. Жо-жок. Қорықпаңыз. Біз сізді кез келген құқық қорғау органдарынан қорғап, ақтап аламыз. Тек өзіңізді еркін ұстап, барлық айғақ-дәлелдерді өшіріп тастасаныз болды...».

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осындай жарнамаға ұқсас мәтінді көзіңіз шалған болар. Әсіресе, Telegram қосымшасында жиі кездесетін бұл мәтін құр жарнама емес. Әлеуметтік желіге ашық жарияланған мұндай жарнама сыртындағылардың жұмысы өте жүйелі әрі зәкірі ауырлау. Енді ойлаңызшы, ол қосымшаға полиция да оңай кіре алады. Сол жарнама ны оқып, арғы беттегі «жұмыспен қамтушыға» байланысқа шыға алады. Заңнан қорқу, әділеттен үр-қу қайда?

Бұл күнде оңай ақша табудың жолы алаяқтық боп алған. Одан сорақысы – есірткі таратумен (за-кладчик) байымаққа басқан қадам. Қара, не ақ орамға оралған бармақтай ғана ұнтақты белгілі бір жерге апарып жасыруының құны – 2500 теңге екен, несіңн ай-тасыз?! Ал, ол жұмысқа үш апта оқытылып, арнайы сынақ тестінен өтетінін шеші? Мемлекеттік қыз-метке жұмысқа тұрған жан олай тексеріліп, жіті қадағаланбаса керек.

– Жалпы, есірткі тасымалдаушылар – көбіне әрнеге тез әуестенетін, белгілі бір позиция, принципі жоқтар. Олардың арасында 18-25 жастағы жастар (студенттер), жесір әйелдер, жалғызбасты аналар және жұмыссыздар бар. Кейде, тіпті, мемлекеттік қызметкерлер де кездесуі әбден мүмкін. Қазіргі заманда ақшаны керек қылмайтын адам бар ма?! Есірткі қаншалықты қауіпті болса, оны тарату жұмыстары да өте қатаң тәртіп-ережемен жүреді. Мысалы, қазір есірткілік заттарды қолдан-қолға емес, арнайы қосымша арқылы геолокация жіберу арқылы тауып, қолдануға болады. Мысалы, Telegram топта-



рын алайықшы. Сіздің күнделікті чаттарыңыз бар. Ол «Көліктер» группасы немесе «Келіншектерге кеңес» группасы болсын. Әлеуметтік желіге жіпсіз қантарылғанда сол чаттардың бірінде жылт етіп, осы жарнама шыға келеді. Әуелде «ат-тоңынды ала қашсаң да», жарнама мәтінін оқи келе, ойлансыз. Ал, ой ол іске апарды. Оған қоса «оқытып-тоқытамыз, полициядан оңай құтқарамын» деп тұрса және ең бастысы небары бір айда қомақты қаржыға кенелеріңді айтса, кім шыдағандай?! – дейді облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының полиция майоры Нұрым Сәдуақасов.

Оның сөзінше, есірткі кәсібі бірнеше топтан құралады. Олардың жаңа буыны «Тасымалдаушылар» болса, үстінен қарайтын-дарды «Күзетшілер» дейді екен. «Күзетшілер» «Тасымалдаушыларға» таратуы үшін қанша мөлшерде есірткі берілді және ол қай мекенжайларға жеткізілуі керек, бәрінен хабардар. Жүйе бойынша бұл кәсіптен нәсіп табам деген

жандар алдымен Telegram арнасы арқылы тіркеледі. Сосын үш апта арнайы курс оқиды. Курс оқу барысында сізге бес мың теңгеден ақша төленеді. Бірнеше жыл жұмыс істеген әккі «Тасымалдаушылардың» шені де, ақшасы да өседі. Олардың орташа жалақысы 300-700 мың теңге болады-мыс. Мұндай жұмысқа тұрушы алдымен, тұрғылықты мекенжайын фото-бейнежазбаға түсіріп, жұмыспен қамтушыға жібереді. Оның жеке куәлігі де алынады. Егер жанадан жұмысқа орналасқан «Тасымалдаушы» берілген есірткіні өзі иеленбек болса, онда жоғарыдағыларда оның барар үйін және сол адам туралы басқа да ақпараттар арқылы оңай тауып алады. Жеті өлшеп, бір кесілген мұндай ұйымдасқан қылмысты тек арнайы жасақ пен құқық қорғау қызметінің мінсіз жұмысы ғана тоқтатуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында есірткіге байланысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қа-

жеттігін және бұл қылмысты терористік әрекетке теңестіруге болатындығы айтылған еді. Осыған сай қарағандылық құқық қорғау органдарының қызметкерлері тиінбай жұмыс жасауда. Нәтижесіз де емес.



– Биылдың 1 маусымынан 30 қазанына дейін облыс аумағында есірткіге қарсы «Қарасора – 2023» жедел алдын алу іс-шарасы өткізілді. Соның нәтижесінде 183 есірткіге байланысты құқық бұзушылықтар тіркелді. Оның ішіндегі 48 іс сотқа жолданды. Қылмысқа қатысы бар деген күдікпен 77 адам тұтқындалды. Арасында сегіз әйел, үш кемелетке толмаған жеткіншек бар. Ал, тергеу изоляторына – 33 адам қамалды. Оларды жедел тексеру барысында 243 келі, 716 грамм есірткі тәркіленген. Атап айтсақ, 42 келі, 278 гр марихуана, 194 келі, 918 гр қарасора және 2 келі, 077 гр гашиш табылды, – деп атап өтті облыстық полиция департаментінің баспасөз хатшысы Бақытжан Құдияров.

Жыл басынан бері жүргізілген жедел іздестіру іс-шаралары барысында есірткіге тікелей қатысы бар деген 4 ұйымдасқан қылмыстық топтың жұмысына тосқауыл қойылды. Ол аз десеніз, қарасора өсіретін және одан психотропты дәрі жасап шығаратын төрт зертхана анықталған.

• ҚҰҚЫҚ

Іс қозғау үшін арыз керек емес

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді, деп хабарлайды Polisia.kz. Атап айтқанда, 1 шілдене полиция тұрмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау сипатына көшті. Заңға енгізілген түзету бойынша жәбірленушінің өтініші болмаса да, полиция әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғап берді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі бойынша хаттама толтыру үшін бұдан былай куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіштің жазбалары жеткілікті. Ал, соңғы шешімді сот қабылдайды.

Тағы бір айта кететін өзгеріс, тараптар қайта татуласа алмайды. Бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы материалдардың дені ерлі-зайыптылардың татуласуына байланысты сотта тоқтатылатын еді. Бұл көп жағдайда жәбірленушіні татуласуға көндіру немесе қысым көрсету салдарынан болатын. 1 шілдене бір рет татуласуға ғана мүмкіндік бар. Бұл зардап шеккендерге психоло-

арттыруға мүмкіндік бермек.

Тұрмыстық құқық бұзушылық үшін де жауапкершілік күшейтілді. Нәтижесінде, соңғы төрт айда жауапқа тартылғандар саны артқан. Егер бұрынғы жылдың екінші тоқсанында жеті мың адам жауапкершілікке тартылса, үшінші тоқсанда олардың саны 27 мың адамға өскен.

Ал, биыл барлығы 60 мыңнан астам құқық бұзушы әкімшілік



гиялық қысым жасауды тоқтатуға мүмкіндік береді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері анықталды. Мәселен, Қылмыстық кодекстің ауыр және ауырлығы орташа денсаулыққа зиян келтіруге байланысты жеке-леге баптарына, атап айтқанда, 106 және 10 баптарына «Кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділігі адамға қатысты іс-әрекет жасау» саралау белгісі енгізілді.

Бұл қылмыскерді оқшаулау үшін қамауға алу санкциясын қолдануға, сондай-ақ жауапкершілікті

жауапкершілікке тартылған.

Оларға қатысты 75 мың қорғаныс ұйғарымы шығарылды. Қабылданып жатқан ұйымдас-тырушылық және құқықтық шаралардың нәтижесінде биылғы жылдың 10 айының қорытындысы отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға қатысты хабарламаларды тіркеу – 20%-ға, қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу – 4,2%-ға, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған ауыр қылмыстарды тіркеу – 12%-ға төмендеген.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

• МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Тәлімгерден әкімдерге қандай тәлім?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының жаңа кезеңіндегі басым бағыттардың бірі ретінде мемлекеттік қызметті жаңғырту міндетін қойған еді. Мемлекеттік органдар қызметінде сабақтастық пен институционалдықтың сақталуы әр заман өзекті болып қала бермек. Бұл, әсіресе, кадрлық тұрақсыздық жағдайында аса мән берерлік дүние. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасы негізінде Қазақстанның барлық өңірлерінде тәлімгерлер кеңесі құрылған-тұғын.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезекті кеңес жиынын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғар тізгіндеді.

– Өткен үш ай мерзімінде жаңа тағайындалған жергілікті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының баяндамаларын тыңдайтын боламыз. Өздеріңізге белгілі, мемлекеттік қызметшіге қойылатын талап жоғары. Сондықтан, бұл кеңестен біз зор нәтиже күтеміз, – деп сөзін бір тұжырып қойды Ербол Қабдығалиұлы.

Алғашқы болып, тәлімгерлер кеңесінің мүшесі, Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов сөз алды. Спикер бұл үрдістің оң екендігін айта отырып, қоғамды әділдік қағидатына бейімдеу басшының тікелей өзіне байланысты екендігіне назар аударды. Халықтың тыныс-тіршілігімен бірге жазаған жетекші ғана өлке өміріне өлшеусіз үлес қоса алады деді Ғабит Тұяқов.

Саран қаласының жаңа басшысы Еркін Баулықов Саран өндірістік аумағының республика деңгейінде өзіндік орны бар екендігіне жете тоқталды.

Қазірдің өзінде екі алып жоба құрылысы аяқталуға жақын. Оның бірі – отандық тұрмыстық техника өндіретін кешені «Silk Road Electronics» ЖШС болса, бірі – автокөлік шиналарын шығаратын «KamaTyresKZ» зауыты. Бұл өндіріс кешеніне тағы алты өндіріс ошағына қосымша 400 млрд. теңге шамасында инвестиция тартылады. Оның 95 пайызы – жеке меншік қаражат көзі. Бұл тұтастай алғанда экономиканың түрленуіне әкеп соқтырады. Бір қуантарлығы, құрылған жаңа жұмыс орындарымен облыс қана емес, көршілес аймақ азаматтары да қамтылу үстінде. Жұмыс орнының саны



6000-ның үстінде. Бұдан бөлек, назарымызда өзге де жобалар кезек күтіп тұр. Мәселен, 2024-2025 жылдарға 140 млрд. теңгелік инвестициясы бар жобалар кешенін дайындаудамыз. Мысалы, «Техно-николь» компанияның ізімен шатыр, гидроқшаулағыш һәм жылу оқшаулағыш материалдарды өндіретін бағдар бар. Бұл – қалаға қосымша 45 млрд. теңгелік қосымша табыс көзі. Әлбетте, мұндай алып компаниялар аумақтағы шағын және орта бизнестің өркен жаюына айтқысыз сеп! Тиісінше, өндірісті аумақтың ахуалы көтерілмек. Бұл орайда келген жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үдерісі де үдемесе, кеміген жоқ. Сондай-ақ, ел өзі «РТИ» атап кеткен апатты үйлерді қалпына келтіру шараларын да жоспарлы негізде жалғастыру үстіндеміз. Бұған бизнес өкілдері де бей-жай қарамайды. Мәселен, бұл салаға 200

млн.тенге құйған жарқын мысалдарымыз жеткілікті. Аймақты абаттандыру амалдары да зор маңызға ие. Қаланы жарықтандыру 12 пайыз шамасында. Жыл сайын 10 пайыз көлемінде өсіру жоспары тұр. Жалпы өздеріңіз танысыздар, Саран қаласының жай-күйі күннен-күнге жақсарып келеді.

Еркін форматтағы жиындағы келесі сөз тізгінін Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбол Күлекеев алды. Бүгінде аудан халқы 230 мың адамға жеткенімен, халық санының уақыт өткен сайын артып келе жатқандығы аңғарылады. Мына тұрған Майқұдық бағыдай кішкентай қалашық емес. Кемінде 130 мыңдай халық тұрады. Сондықтан, бұл маңның тұрғындары орталыққа күн сайын сабыла бермейтіндей жағдай жасалуы тиіс екендігіне тоқталды аудан әкімі. Бұл арада қазіргі күнге дейін елге олжа

салып жатқан ірі шахталар бар. Тау-кен мен энергетика саласын құрайтын сегіз, машина жасау және металл өңдеу кешені сегіз ошақты қамтиды. Бұған металлургия, химия, тамақ өндірісін қосып қоялық.

– Иә, бізге дейін бұл аудан көп игі өзгерісті бастан кешірді. Ендігіде тек сол дәстүрді жаңа заманауи қалыпта жалғастыру міндеті тұрғандай. Алдымен, балалар ойын-сауық алаңдарын барынша қауіпсіз етуге мән берудеміз. Қай жастағы жасөспірім болса да, аулада сейіл құрып денесін де шынықтыра алатындай сапалы кейіпке енгізу заман талабына айналып келеді. Осы орайда халықпен жүздесу өте маңызды. Қараша жұрттың талап-тілегін қаперімізге ала жүріп, қорытып, тиісті шешім шығарғанда ғана берекелі болмақ. Мысалы, Сұрыптаудағы Теміржолшылар мәдениет үйінің алаңының келбетін жаңарттық. Соны бағдарламалар аясында аумақты қайта жөндеу жұмысы да жандану үстінде. Әлеуметтік нысандардың жай-күйін күнделікті бақылаудамыз. Бұған қоса, Архитектурная көшесі тұтастай алғанда қала меймандарына әкеп көрсетерлік көрнекі жеріміз. Көше бойында маңайын шөп пен қамыс өсіп, иесіз кейіпке қалған алаңдар да жоқ емес. Осы маңдарға инвестиция тартып, көркін арттыруды көздеп отырмыз. Маңайға мағына үстеп, ел игілігіне беру бір күннің шаруасы болмағанымен, үнемі назарда тұтып жүргенімізді хабарлаймыз. Сол маңдарда бизнес орталық, теннис корты сынды әлеуетті нысандар ашылса, құба-құп болар еді. Оның үстіне, ендігі жылы кенді өлкенің торқалы 90 жылдығы аталып өтпек. Соған орай, ауданымыздың әр алаңын жиектасана дейін жөндеуді, мақсат етеміз! – деп бір тоқтады аудан әкімі.

Басшылар баяндамаларына қанық болған кеңес мүшелері жаңа әкімдерге алқол тілеп, қарамағындағы әр қызметкердің көңіл күйіне, мақсат-мұратына қоса мән беруге кеңес берді. Себебі, әрбір істің тыңғылықты атқаруы басшының ғана емес, сол қарапайым қызметкердің көңіл халіне, өмір салтына байланып еске салып өтті мемлекеттік қызмет ардагерлері.

Тағылымға толы онкүндік

Қоғам дамыған сайын соған сай сұраныс та артып келеді. Ғылым мен техниканың дамуы, жаһандану кезеңіндегі саналық өзгерістер мен үдерістер мемлекеттік тілдің қолданыс аясын арттырып, бәсекеге қабілеттілігін күшейтуді қажет етеді. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытаудағы Ұлттық құрылтайда да, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлымен кездескенде де мемлекеттік тілді ғылым мен техника тіліне айналдыру бағытында жұмыс жүргізу керектігін баса айтқан болатын. Бұдан бөлек, «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды. Аталған құжатта мемлекеттік тілдің ғылым мен білім тілі ретіндегі беделін көтеру туралы сөз қозғалған.

Осы айтылғандардың негізінде облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы тарапынан қараша айының бірі мен оны аралығында онкүндік жарияланды. Онкүндік аясында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Ә.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды «Болашақ» академиясының ғалымдары түрлі мамандықты игеріп жатқан болашақ мамандарға мемлекеттік тілдің ғылымдағы әлеуеті жайлы, салалық терминдердің қазақшалануы жайлы мазмұнды дәрістерін ұсынды. Одан бөлек, А.Байтұрсынұлы түзген терминдер, терминжасам тәсілдері, тіліміздегі салалық терминдерді бір жүйеге келтіру мәселесін ортаға салды. Соңғы мәселе бойынша Болашақ академиясының болашақ заңгерлері мен тіл мамандарына «Кей заңнамалардың қазақша және орысша мәтін нұсқаларында кездесетін мағыналық сәйкессіздіктер қысқасында» тақырыбындағы дәрісте заң саласының кейбір баптарына шолу жасалып, аудармадағы қателіктер жайында сөз қозғалды. Сонымен қатар, заңгер-ғалым Елеужан Серімов кей заңнамалардың қазақша және орысша мәтін нұсқаларында кездесетін мағыналық сәйкессіздердің көптігіне тоқталды. Заң факультеті студенттеріне арналған қазақша оқулықтардың жеткіліксіздігі, терминдердің дұрыс аударылмауы мәселелері де назардан тыс қалмады.

Дәрістер топтамасының соңында онкүндікті қорытындылау мақсатында физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Темірғали Көкетаевтың «Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігінің» тұсаукесері ұйымдастырылды. Жалпы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін қоғамның барлық саласында күшейту мен дамыту терминологиялық жұмыстарды реттеуге де, жүйелеуге де тікелей байланысты. Әсіресе, қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытуда



терминология шешуші маңызға ие. Терминология арқылы қазақ тілінің табиғи әлеуеті ашылып, оның ұғымдық жүйесі қалыптасады, жалпы әдеби тілдің өрісі кеңейеді. Ал «Ғасыр адамы» атанған ғалымның еңбегі жаратылыстану саласының жаңа терминдерін әлеуметтік сұранысқа сай қалыптастыруға қосылған үлес деп білген жөн.

Облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Салтанат Мірәсілқызы кездесудің мақсат-міндетімен таныстырып, облыс көлемінде тіл саясатын жүргізу барысында атқарылып жатқан жұмыстарға, соның ішінде аталған шараның маңызына тоқталды.

Темірғали Әбілдаұлы болса, терминдер сөздігімен таныстырды. Алаш арыстары қазақ терминологиясының негізін салып кеткенін тілге тиек етіп, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының термин түзуде басшылыққа алатын ұстанымдарды белгілеп, жолын нұсқағанын ерекше

атады. Өзі түзген сөздікте 20 мың сөз, сөз тіркестері бар екенін, лексикалық қабаты аса құнарлы, бай тіліміздің мүмкіндігін мейлінше тиімді пайдалануға тырысқанын айтып өтті.

Ә.Сағинов атындағы Қарағанды политехникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Ибадолла Арыстан болса, әріптес ғалымды құттықтап, сөздіктің тұсаукесер рәсімін жасады.

P.S. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, әр төртінші қазақстандықтың жоғары білімі бар екен. Бұл дегеніміз – үлкен еңбек ресурсы емес пе? Осы ресурсты ғылымға қарай бағыттап, тиімді қолдана білсе, тіліміздің ғылым тілі ретіндегі қызметі дұрыс қалыптасар еді. Дәл осы қызметті жолға қоюға, өзекті мәселені шешуге атсалысуға қарағандылық ғалымдардың күш-жігері мен әлеуеті жетеді деген ойдамыз.

Жұпар ЖАҚАН,
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі

• РЕСМИ

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі 2023 жылғы 10 айдағы қызметінің қорытындысы туралы

Департамент сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. Департаменттің мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізіледі, мысалы:

– мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған қызметкерлердің ұлттық қауіпсіздік органдарында міндетті түрде арнайы тексеруден өтуі (жыл басынан бері 4 мемлекеттік қызметші қабылданды);

– «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді қабылдау бойынша жазбаша міндеттемелерді ресімдеу;

– пайдалану Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті өткеру кезеңіне кіріс алуға әкеп соғатын мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қажеттілігі туралы жазбаша хабарламалар беру;

– қызметкерлерді Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексімен (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларымен) таныстыру;

– Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған қызметкерлер үшін консультациялар өткізеді (жыл басынан бері 4 консультация өткізілді);

– Департамент қызметкерлері үшін бөлім басшылары тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша техникалық оқу жүргізеді (жыл басынан бері 66 техникалық оқу өткізілді).

Азаматтардың мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану фактілері туралы хабарлау мүмкіндігі үшін 56-25-82 сөз телефоны орнатылды. Сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған пошта жәшігі қарастырылған.

Жыл сайын мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде мемлекеттік қызметке жаңадан кіргендердің кірістері мен мүлік туралы декларацияны уақытылы тапсыру бойынша жұмыс жүргізіледі. 2023 жылы барлық қызметкерлер мен олардың жұбайлары 270.00 нысаны бойынша кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынды (52 декларация).

Департамент басшылығы қабылдау кестесіне сәйкес, азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді (жыл басынан бері екі азаматты қабылдау өткізілді).

Аудиторлық іс-шаралар басталар алдында Департамент қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтау бойынша тұрақты негізде нұсқама жүргізіледі (2023 жылғы 01 қарашадағы жағдай бойынша 136 нұсқама өткізілді).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жұмыс тобы жарты жылда бір рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді.

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

• КӘСІБІҢ- НӘСІБІҢ


Талап – талмас қанат

Ақтоғай ауданына қарасты Нұркен ауылдық округінде наубайхана ашылды. Жаңа нысанның ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов қатысып, жас кәсіпкерге жемісті еңбек тіледі.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан әкімінің орынбасары қазіргі нарықтық экономикада бағаны тұрақтандыратын осындай бастамалар екенін алға тартып, тиісті құзырлы орындарға мұндай жобаларды қолдау жөнінде тапсырма берді. Сонымен бірге, бұл бағыттағы жұмыстардың маңыздылығына да тоқталды. Басқаларға үлгі ретінде көрсету қажеттігін айтты.

Кәсіпкер Қасиет Рақатұлы өз қаражатына бірқатар қажетті құрылғыларды сатып алып, наубайхана ашуды көптен бері



жоспарлап жүрген еді. Енді міне, бизнес жобасын өзі түтінін тұтеткен ауылында жүзеге асырды.

Наубайханалардың тәжірибесіне сүйене отырып, өндіріс орнын заманауи жабдықтармен қамтыған. Оның айтуынша, наубайхананы толықтай іске қосуға аудан әкімінің шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бір млн. теңге гранты көмек болған. Қазіргі уақытта жаңа кәсіп нысаны ауылдағы ағайынды күнделікті жаңа пісірілген нанмен қамтамасыз етіп отыр. Наубайханаға әзірге екі ауыл тұрғыны тұрақты жұмысқа алынған. Бұған дейін ауылға нан сырттан келетін. Сондықтан да, бір бөлше нанның құны 200 теңгеден сатылды. Қазір жергілікті наубайхананың наны – 170 теңге.

– Ауыл халқының алғысына бөленіп жатқан кәсіпкерге ризамыз. Күнделікті жаңа піскен нанды қолжетімді бағада сатып алып отырмын, – дейді ауыл тұрғыны Абзал Шөкенов.

Ақтоғай ауданы

Еске алу

Төлеуғазы Абдиннің кіндік қаны 1955 жылы 1 қыркүйекте Жекежал топырағында тамды. Қарқаралы ауданына қарасты Нұркен ауылының мектебінде білім алды. 1975-1977 жылдары Польшада Отан алдындағы қасиетті борышын өтеген. 1979 жылы марқұм Шолпанмен шаңырақ көтерген. Асыл жарымен алты баланы өсіріп, жеткізіп, білім нәрімен сусындатқан асқар тау әке, 17 немере-жендерінің сүйікті атасы. II-III дәрежелі Еңбек даңқы орденінің иегері. Фермерлікпен де айналысты. Қажырлы еңбек етіп, мал басын өсірді. Өулетінің қолдаушысы бола білді. Бауыр, қарындастарына, ағайынына қамқорлық жасады.



Ғұмыры өнегеге толы асыл азамат биыл 12 қазан күні бақиға аттанды. Марқұмның топырағы торқа, жаны жұмақта болсын. Артында қалған бала-шағасы, әулеті, дос-жарандары сағынышпен еске алады.

Еске алушылар: балалары мен туған-туыстары

№611

• СЕМИНАР

Ұстаздар тәжірибе алмасты

Жақында Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебінде (ресурстық орталық) «Құндылықтарға негізделген білім беру моделін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану» тақырыбында облыстық семинар өтті. Жиынға Қарқаралы, Нұра, Шет, Бұқар жырау, Абай аудандық білім бөлімдерінің әдістемелік кабинет меңгерушілері, әдіскерлері, ресурстық орталықтардың және шағын жинақты мектептердің өкілдері қатысты.

Жиын ұйымдастырудағы басты мақсат – ресурстық орталықтың, шағын жинақты мектептердің білім сапасын арттыру болды. Сондай-ақ, тірек мектебінің жұмысын басқа аудандардағы мектептерге тарату және ауыл мектептерінің білім сапасын көтеру жолдары көзделді. Ашылу салтанатында техника ғылымдарының кандидаты, профессор, облыста білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері



оқу-зерттеу және жобалау қызметінен «Үй жағдайында сабын жасау», «Сүт өнімдерінің адам ағзасына пайдасы», «Ақбидай – дала патшайымы» көрмелері көрсетілді. Оқушылар «Агросынып» жобасы аясында көгершінді өсіру», «Математика және тоқыма технологиясы», «Ақтоғай



Сәбит Контаев ауылдық жердегі тірек мектептерінің (Ресурстық орталықтардың) әлеуетін көтеру жайында баяндама жасады.

Семинар барысында келген қонақтарға мектептің тыныс-тіршілігі жайында экскурсия жүргізіліп, «Әдістемелік алаңдар жұмысы» блогында мұғалімдер құндылықтарға негізделген білім беру моделін таныстырды. Сонымен қатар, «Агросынып» зертханасы аясында оқушылардың

– туризм өлкесі», «Менің арманымдағы моншақтар әлемі», «Үй қояндарының түрлері мен пайдасы» тақырыптарында этноауыл жәрмеңкесін ұйымдастырды.

**Бақтыбала ӘЗІХАНОВА,
К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Ақтоғай ауданы

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Дебатта дарындар дараланды

Кеше Қарағанды облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында Ұлттық валютаның 30 жылдығына орай облыстық пікірсайыс турнирі өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ж.Букенов атындағы Қарағанды банк колледжінде өткен турнирге аймақтың 88 студенті қатысты. Қазақ лигадан 20, орыс лигадан 24 команда өзара бақ сынады. Турнирдің бағыты – америкалық-парламенттік формат. Ойын барысында әр спикер талдамалық және сындарлы ойлау, өз ұстанымын қорғауда белсенділік танытты. Жастар білгірлік көрсетіп, күрделі жағдайларда тез әрекетке көшу секілді қабілетімен ерекшеленді.

Қазақстанда есірткімен күрестің тиімді механизмін ұсынған жастар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі бірігіп жүргізген зерттеуге үйлді. Сауалнамаға 121 мектептен 8,5 мың оқушы қатысқан. 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдер төрт жыл ішінде энергетикалық сусын, темекі, вейп, ішімдік пен есірткі

қолданған. Әлемде синтетикалық есірткінің аптасына 10 жаңа түрі шығарылады. Жаңа есірткі заттары кері әсер беретіндіктен, жасөспірімдер оны тұрақты қолданса, тұлғалық дамуы баяулайды.

түрі заңмен тыйым салу жөнінде кенінен талқылады. Көп мәселе түптен келгенде, ата-аналар баласының қандай ортада жүргеніне аса көп мән бермейтінінен туындауда. Сондықтан, әр ата-ана баласына жіті көңіл бөліп, қадағалауы тиіс, – деді «Сарыарқа Дарыны» балаларға қосымша білім беру орталығының әдіскері Ардақ Әділбаев.

Турнирдің қорытындысы бой-



– Жастар қаржылай сауаттылықты онлайн оқытуға тыйым салу тақырыбын қозғады. Сондай-ақ, қауіпті және зорлық-зомбылықты қамтитын барлық спорт

ына тәршілер жеңімпаз командаларды анықтады. Қазақстанда есірткімен күрестің алдын алуда тиімді механизм ұсынды. Қазақ лигасы бойынша I орын

ды «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің «Жүлдіз ИДК» командасы, II орынды Ж.Букенов атындағы Қарағанды банк колледжінің «Qazaq oi» командасы, III орынды Теміртау техникалық колледжінің «Заман біздікі» және Шет тілдер колледжінің «Kozqaras» командалары иеленді.

Сондай-ақ, турнирде «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің студенті Ерсултан Махабаев «Үздік спикер» атанса, «Үздік оратор» аталымына «Bolashaq» жоғары колледжінің студенті Жайлымұрат Тідеубердіұлы ие болды.

Орыс лигасы бойынша I орын – Жоғары гуманитарлық колледжінің «Софисты» командасы, ал II орынды Теміртау жоғары политехникалық колледжінің «Тарғариены» командасы жеңіп алды. «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжінің «Звезда ИДК» және «Bolashaq» жоғары колледжінің «Лисицы» командалары III орынды бөлісті. Жеңімпаздар дипломдармен, ал жүлделі орын алған командалардың жетекшілері Алғыс хаттармен марапатталды.

• КЕЗДЕСУ

Кітап оқып, табысты бол!

Белгілі кәсіпкер Ерлан Әшім Е.Бөкетов университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы және студенттерімен кездесті.



«Qasym kitapphanasy» жобасының негізін қалаушы Ерлан Әшіммен өткен еркін форматтағы кездесуде мененат сандарды ғана сөйлетпей, адамның жан дүниесін байытатын рухани өңгіме айтты. Сұрақ қоя отырып, жастарды ашық диалогқа шақырды. Студенттердің ой-пікірін біліп, жетістіктің сыры мен кәсіпте табысқа жетудің шарттарын атады. Өзінің өмірлік мол тәжірибесімен бөлісті. Студенттер қызықтырған сұрақтарын қойып, ұтымды жауаптар алды.

Қазақстандық танымал кәсіпкер кездесуде сондай-ақ, рухани азық – кітап оқу арқылы жан дүниені байыту қажеттігін баса айтты. Оның айтуынша, 2020 жылдан бері «Қасым кітаптың» баспасынан 120 кітап жарық көрген. Алдағы уақыттағы мақсат – кітап санын 250-ге жеткізу.

Сондай-ақ, ол қазақ тілінде жарық көрген кітапты ұлттық идеологияға айналдыруда 10 жастан 20 жасқа дейінгі балалардың оқып шыққанын қалайды.

Өз тілшімізден

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫҢДА

Кәсіп кабинеті ашылды

Жақында Қарағанды теміржол колледжінде кәсіптік бағдар беру және мансаптық өсу кабинетінің салтанатты ашылуы өтті.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кабинет колледждің кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыратын, сондай-ақ, әдістемелік, ақпараттық және консультациялық орталық. Келушілерге колледж бойынша виртуалды экскурсия жасауға, мамандықтармен танысуға, бейне сабақтарды көруге

және болашақ студенттердің мамандыққа бейімді мен қабілетін анықтауға мүмкіндік берілген.

Айта кету керек, қазіргі таңда облыста колледждер жанында 36 жұмыспен қамту және мансаптық өсу орталықтары жұмыс істейді. Колледж түлектерімен жүйелі негізде байланыс сақталғандықтан, жұмыспен қамтылмаған түлектерді жұмысқа орналастыру үшін «Еңбек нарығы» ААЖ электрондық еңбек биржасы қолданылады.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібін 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fin.kar@minfin.gov.kz



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru



• КӨРМЕ

Көз жанарын сөйлеткен

Қарағандыдағы бейнелеу өнері музейінде белгілі қылқалам шебері Игорь Баграмовтың көрмесі өтіп жатыр. Көрмеге суретшінің акварельмен салынған портреттері қойылды. Суретші көбіне тарихи тұлғалардың портретін жасаған. Әмір жолында кездескен ерекше жандардың да образын қағазға түсірген.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет өнерінде акварельмен жұмыс істеу – қиынның қиыны. Қылқалам шеберлерінің сөзінше, бұл жолға екінші бірі түсе бермейді. Ал, акварельмен портрет салу, тіпті, машақат. Сұйық бояумен адамның көзіне жан бітіру, күлкісін, мұңын жеткізу – тек нас шеберлердің қолынан ғана келеді екен. Әріптестері «Игорь Баграмов республикада мойындалған нағыз талант» деп отыр.

– Игорь – біздің ақ көңіл, адал досымыз. Ол суретшіден бұрын, нағыз азамат. Қиындыққа тап болған әр адамға жанын салып көмектеседі. Бұл – шынайы дарындарға тән қасиет. Қылқаламды ұстауының өзі бөлек. Бейнеленген адам жанарына жан бітіре алады. Әр кейіпкерінің образын ашуға тырысады. Портреттеріне қарасаңыз, бейне бір сізбен сөйлесіп тұрғандай әсер қалдырады. Жүрегіндегі сырын жеткізгісі келетіндей. Ол шығармашылығында реализмге ұмтылады. Портретке көңіл күйін дарытады. Міне, Игорь Баграмов осындай талант, – деді әріптесі Лариса Золотарева.



Көрмеде Бауыржан Момышұлы мен Нүркен Әбдіровтің және Димаш Құдайбергеновтің, Юрий Гагариннің, Фаина Раневскаяның, Юрий Никулиннің, Уильям Шекспирдің, Константин Станиславскийдің портреттерін тамашалай аласыз. Туындылардың жалпы саны 70-тен асады.

Музейдегі ерекше көрмеге келген көрерменнің қарасы қалың болды. Ересектерден бөлек оқушылар да, студенттер де бар. Сонымен қатар, облыстық полиция департаментінің бастығы Санжар Әділов те қатысты. Ол Игорь Баграмовтың полиция департаментіндегі музейге де өз туындыларын қойып, бағырлардың ұлықталуына үлес қосып жүргенін атап өтті.

• ПАУЭРЛИФТИНГ

Ақадырда күш сынасты

Шет ауданы жастары ұлттық спорт түрлерінен Ақжал ауылында жарыс ұйымдастырып, ұлан-асыр той өткізгені көпшіліктің есінде. Бұл – аудан жастарының ұлттық спорт пен бұқаралық спортқа бет бұрғандығының айғағы. Бүгінде Ақадыр кентінде Қарағанды облысының Jas Fund жастарды қаржылай қолдау қоры пауэрлифтинг пен стрит-воркауттан ашық біріншілік ұйымдастыруға атсалысты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жарыс Президент тапсырмасына сай бұқаралық спортты дамытуға үлес қосу болып табылады. Ауыл жастарының спортқа бейімдігі ұйымдастырушылардың қызығушылығын тудырды. Стрит-воркаут қатысушылары төрт сайыстан бақ сынады. Олар – армстреллинг, кір тасын көтеру, қосырықтан итерілу және көлденең жолақта тартылу. Ал, пауэрлифтинг бойынша ашық біріншілікке 80-ге жуық спортшы қатысты.

Жалпы, спорттың бұл түрі біршама күшті талап етеді. Жарыстың бұл түрін алты дүркін Азия чемпионы және жергілікті ба-

• ТАНЫМ

Тұлпарды құлынынан танитындар қайда?!

Қамбар ата төлімен біте қайнасан қазақ тарихын жылқыдан ада елестету мүмкін емес. Әлемдік сөздікке сыймайтын жылқының түсіне қарайғы атауларының өзі қазақ пен жылқының ерекше байланысын айқындағандай. Кешегі Кендебайдың «Жерқұласы», Қамбардың «Қара қасқасы», Ер Тарғынның «Тарлан» аты көптің аузында. Ақанның «Құлагерінің» өзін елестетсек, жал-құйрығы төгілген кер мен құланың қосындысы келеді көз алдымызға. Ежелгі деректерге сүйенсек, қазақ сөздігінде жылқының түсіне байланысты айтылар 400-ден астам атауы бар көрінеді.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Барлық қазақы жылқы атаулары қылаң мен бараннан туады. Өздеріңіз білетіндей, қылаң ол – жылқының ашық түсінің жалпы атауы болса, баран керісінше, қара немесе сол тақылеттес түстерге айтылады. Жалпы, қазақ жылқысының түстері туралы зерттеулер жүргізген Ахмет Токтабайдың «Қазақ жылқысының тарихы» кітабында бұл тура-

лы кеңінен баяндалады. XIX ғасырда француз-испан жазушылары қазақы жылқы түстерін зерттейді. Олар өздері түсініп, аударуға келетін 60-тан астам жылқы түсін ғана қағазға түсірген көрінеді. Ондағы тізімде тек қарагер, құла, жирен, қара, күрең, күрең қасқа секілді ауызекі тілдегі түстер ғана жазылған. Ал, одан басқа байшұбар, тарлан, шабдар, сарыбауыр, топайкөк, ала шеке, сүржекей, ақауыз сынды атаулардан айналып өтеді.

• БАЙҚАУ

Испанияны қазақ әніне ғашық етті

Қарағандыдағы музыкалық комедия театрының солист-вокалісі Елена Федорова Испаниядағы «Mediteganean Legends» деп аталатын атақты халықаралық орындаушылар байқауында үздік атанды. Талантты жерлесіміз «Академиялық вокал» аталымында бірінші орынға лайық деп танылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елена Федорова композитор Серік Еркімбаевтің «Дархан дала» әнін шырады. Даланың көрінісі мен дауысы сыйған әнге қазылар алқасы ғана емес, талғамы биік тыңдарман да қошеметімен жоғары баға берді. – Еуропадағы музыкалық байқауға алғаш рет қатыстым. Бұл – өмірімдегі айтулы жеңіс екені сөзсіз. Байқау кезінде қазақстандық композитор С. Еркімбаевтің «Дархан дала» әнін орындауды ұйғардым. Бұл шығарма тыңдаушылар көңілінен шықты. Өзіме де ерекше ұнайды. Екіншісі – Л. Бернштейннің «Вестсайд тарихындағы» деп аталатын Марияның ариясы. Гала-концертте Л. Хамидидің «Қазақ вальсы» және Ф. Лоудың «I could have danced» әндерін орындадым. Өзімнің вокалдық қабілеттерімді көрсетіп қана қоймай, испандық көрермендерді Қазақстанның музыкасымен және көрнекті композиторларымен таныстыру өте маңызды. Еліміздің бай мәдениетімен,



ән қорымен бөлістім. Шырқаған әндерімнің барлығы әлемдік классиканың тізіміне енгізіліп отыр. Бұнда жұртымызның танымалы, жерге, Отанға деген махаббаты жатыр. Жүректен шыққан соң, жүрекке жетеді. Мен әннің барлығын жүрегіммен айттым. Содан шығар, еуропалықтар жоғары баға берді, – деді Елена Федорова.

• ХОККЕЙ

Қарағандылықтар есе қайтарды

Хоккейден ел чемпионатының кезекті ойынында қарағандылық «Сарыарқа» сырт алаңда петропавлдық «Құлагер» клубымен кездесті. Қос команда арасындағы алғашқы ойын 5:1 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілді. Ал, екіншісінде жерлестер 2:4 есебімен есе қайтарды.

Қарағандылықтар үшін бұл ойын оңайға соқпады. Алғашқы кездесуінде ірі есеппен жеңілді. Қарымта ойында жерлестерге жеңіл болған жоқ. Ойынның алғашқы бөлігінде қарсыластар 18 минут ішінде екі шайба салып кетті. Десе де, жерлестер осы таймда есеп алшақтығын қысқартып үлгерді. 18-ші минутта Руслан Демин көзге түсті.

Бұдан кейін ойын күрт өзгерді. Ойынның екінші бөлігінде жерлестер алаң иелеріне мүмкіндік бермеді. Үдере жасаған шабуылдың нәтижесінде қарағандылықтар есепте алға шықты. 28-ші минутта Евгений Григоренко, 35-ші минутта Егор Кузьменко есепті 2:3-ке жеткізді.

Соңғы айналымда Никита Баженов жалғыз гол салып, қарсыластарынан аяласын асырды.



«Сарыарқада» – жаңа ойыншы

Қарағандылық клубтың қатары тағы бір ойыншымен толықты. Бұл жолы клуб басшылығы ресейлік «Рязань» клубының шабуылшысы Егор Кузьменкомен бір жылдық келісімшартқа отырды.

24 жастағы спортшы кәсіби мансабын 2016-2017 жылғы маусымда «Спартак Москва» клубынан бастаған. Одан кейін «Химик», «Ростов», «Сокол Киев», «Сокол», «Рязань» клубтарында өнер көрсеткен.

Ол «Рязань» хоккей клубына 2022-2023 жылғы маусымда ауысып келген. Содан бері осы клубта ойнады. Былтырғы маусымда клуб сапында 42 ойын өткізіп, бес гол салған және тоғыз пасс берген. Ал, биылғы маусымның басында тек 12 ойын өткізген.

Қазіргі таңда спортшы қарағандылық клубтың сапында екі ойын өткізген.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Шавкат Рахмонов жекпе-жек өткізеді

16 желтоқсаннан 17 желтоқсанға қараған түні Лас-Вегаста (Невада, АҚШ) UFC 296 турнирі өткізілмек. Осы түні қазақстандық UFC жауынгері Шавкат Рахмонов өнер көрсетеді.

Турнирдің басты жекпе-жегінде жартылай орта салмақ дәрежесінде чемпионы (77 келіге дейін) британдық Леон Эдвардс америкалық Колби Ковингтонға қарсы чемпиондық атағын қорғайды.

Сонымен қатар, ең жеңіл салмақ дәрежесіндегі (57 келіге дейін) титулдың иегері бразилиялық Алешандре Пантожа америкалық Брэндон Ройвалмен кездеседі.

Ал, қазақстандық Шавкат Рахмонов америкалық Стивен Томпсонмен жекпе-жекке шығады.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальна Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИДИНОВА

Бас редактордың м. а –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
С.К. редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшының м. а –
С.Б. ИЛИШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJWBZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 128 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ